

"Бернде 1999 жылғы 21 қазанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияға және Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы Хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қарашадағы № 1240 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Бернде 1999 жылғы 21 қазанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияға және Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы Хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

**Қ А З А Қ С Т А Н
З А Ң Ы**

РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

Бернде 1999 жылғы 21 қазанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияға және Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы Хаттаманы ратификациялау туралы

2010 жылғы 3 қыркүйекте Астана қаласында жасалған, Бернде 1999 жылғы 21 қазанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияға және Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы Хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Бернде 1999 жылғы 21 қазанда қол қойылған Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы табыс пен капиталға
салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау туралы
конвенцияға және хаттамаға өзгерістер енгізу туралы Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы
хаттама**

Қазақстан Республикасының Үкіметі

және

Швейцария Федералдық Кеңесі,

Бернде 1999 жылғы 21 қазанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияға (бұдан әрі Конвенция) және 1999 жылғы 21 қазанда қол қойылған Хаттамаға (бұдан әрі – Конвенцияға Хаттама) өзгерістер енгізу туралы хаттаманы жасасуға ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

I БАП

2-баптың 1-тармағында (Конвенция қолданылатын салықтар) пайдаланылатын «жергілікті өкімет органдары» деген ұғым Конвенцияның бүкіл мәтінінде «орталық немесе жергілікті билік органдары» деген ұғымға ауыстырылады.

II БАП

Конвенцияның 3-бабының 1-тармағы а) тармақшасының (і) тармақшасы (Жалпы айқындамалар) мынадай редакцияда жазылсын:

«(і) «Қазақстан» термині Қазақстан Республикасын білдіреді. «Қазақстан» термині географиялық мағынада қолданған кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және Қазақстан өзінің заңнамасына және өзі қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарды қоса алғанда, халықаралық құқыққа сәйкес өзінің егемен құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыра алатын аймақтарды білдіреді;».

III БАП

Конвенцияның 4-бабы (резидент) 2-тармағының d) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«d) егер оның мәртебесі а) – с) тармақшаларына сәйкес анықталмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы мәселені өзара келісім бойынша шешеді.».

IV БАП

1. Конвенцияның 10-бабының (Дивидендтер) 2-тармағы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«2. Алайда, мұндай дивидендтерге резиденті дивидендтер төлейтін компания болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы да мүмкін, бірақ, егер алушы дивидендтердің іс жүзіндегі иесі болса, осылайша алынатын салық:

а) егер дивидендтерді төлейтін компания капиталының кешінде 10 процентіне тікелей иелік ететін компания (серіктестіктен өзге) іс жүзіндегі иесі болса, дивидендтердің жалпы сомасының 5 процентінен;

б) қалған барлық жағдайларда дивидендтердің жалпы сомасының 15 процентінен а с п а у ғ а т и і с .

3. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтерге, егер іс жүзіндегі иесі:

а) зейнетақы қоры немесе жеке тұлғалар зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігі және асыраушысынан айырылуы бойынша жәрдемақылармен қамсыздандыру мақсатында қатысуы мүмкін зейнетақы схемаларын қамтамасыз ететін осыған ұқсас мекемелер. Бұл ретте осындай зейнетақы қоры немесе осыған ұқсас мекемелер салық мақсаттары үшін танылады және екінші Мемлекеттің заңнамасына сәйкес бақыланады, н е м е с е

б) осы екінші Мемлекеттің орталық (ұлттық) банкі болып табылса, осы екінші Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өзара келісім бойынша осы шектеулерді қолдану тәсілі мәселесін шешеді.

2 және 3-тармақтар табысына қатысты дивидендтер төленетін компанияның салық с а л у ы н қ о з ғ а м а й д ы . » .

2. Конвенцияның 10-бабының (Дивидендтер) 3-тармағы 5-тармақ болуы тиіс.

3. Конвенцияның 10-бабының (Дивидендтер) 4-тармағы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«6. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып отырған екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы сол жерде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыра немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте онда орналасқан тұрақты базамен тәуелсіз жеке қызметтер көрсететін болса және төленіп жүрген дивидендтерге қатысты холдинг шын мәнінде мұндай тұрақты мекемемен байланысты болса, 1 және 3-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда жағдаятқа байланысты осы Конвенцияның 7-бабының немесе 14-бабының ережелері

қ о л д а н ы л а д ы . » .

4. Конвенцияның 10-бабы (Дивидендтер) 5 және 6-тармақтары 7 және 8-тармақтар болуы тиіс.

V БАП

Конвенцияның 25-бабының (Өзара келісу рәсімдері) 5-тармағы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

« 5 . О н д а ,

а) 1-тармаққа сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзін осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соқтырады деген негізге Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының қарауына іс ұ с ы н ғ а н т ұ л ғ а , ж ә н е

б) құзыретті органдар екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органына істі берген сәттен бастап үш жылдың ішінде 2-тармаққа сәйкес осы істі шешуге келісімге к е л м е с е ,

істен туындайтын барлық шешілмеген мәселелер, егер тұлға соны талап етсе, төрелікке берілуі тиіс. Алайда, егер белгілі бір Мемлекеттің сот немесе әкімшілік трибуналы олар бойынша шешімдер шығарған болса, бұл шешілмеген мәселелер төрелікке берілмеуі тиіс. Егер іске тікелей қатысы бар тұлға төрелік шешім іске асыратын өзара келісіммен келіспесе, төрелік шешімнің екі мемлекетте де міндетті күші болады және осы мемлекеттердің ұлттық заңнамасында көзделген уақытша шектеулерге қарамастан асырылатын болады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өзара келісім бойынша осы тармақты қолдану тәсілі туралы істі шешеді.

Уағдаласушы Мемлекеттер осы тармақтың ережелеріне сәйкес құрылған Төрелік кеңеске төрелік рәсімін жүргізу үшін қажет осындай ақпаратты аша алады. Төрелік кеңес мүшелері ашылған ақпаратқа қатысты 26-баптың 2-тармағында сипатталған ақпаратты ашу жөніндегі шектеулерге жатады.».

VI БАП

Конвенцияның 26-бабы (Ақпарат алмасу) мынадай редакцияда жазылсын:

«26-бап Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары салық салу үшін негіз Конвенцияға қайшы келмейтіндей шамада осы Конвенцияның ережелерін орындау немесе Конвенция қамтитын салықтарға қатысты әкімшілендіру немесе ұлттық заңнаманы мәжбүрлеп орындау үшін орынды болуы мүмкін ақпарат алмасады. Ақпарат ал м а с у 1 - б а п п е н ш е к т е л м е й д і .

2. 1-тармаққа сәйкес Уағдаласушы Мемлекет алған кез келген ақпарат осы Мемлекеттің ұлттық заңнамасының шеңберінде алынған ақпарат сияқты құпия болып есептеледі және бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлі өндіріп алумен немесе сот қудалауымен немесе 1-тармақта ескерілген салықтарға қатысты апелляцияларды қараумен айналасып жатқан тұлғаларға немесе органдарға ғана (соттар мен әкімшілік органдарды қоса алғанда) хабарланады. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдалануға тиіс. Олар бұл ақпаратты сот талқылаулары барысында немесе сот шешімдерін қабылдау кезінде аша алады. Бұған қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет алған ақпарат, егер бұл ақпарат екі Мемлекеттің де заңнамасына сәйкес пайдаланылған жағдайда және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы осындай пайдалануға рұқсат берген жағдайда басқа мақсатта п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

3. 1 және 2-тармақтардың ережелері ешбір жағдайда Уағдаласушы Мемлекетке:

- a) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларды қабылдауға;
- b) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша немесе жай әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпаратты беруге;
- c) қандай да болсын сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіп, коммерциялық немесе кәсіби құпияны ашатын немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (қоғамдық тәжірибеде) қайшы келетін ақпаратты беруге міндеттеу ретінде түсіндірілмейтін болады.

4. Егер ақпаратты осы бапқа сәйкес Уағдаласушы Мемлекет сұратқан болса, екінші Уағдаласушы Мемлекет жеке салық мақсаттары үшін тіпті осындай ақпаратқа мұқтаж болмаса да, екінші Мемлекет талап етілетін ақпаратты алу үшін осы ақпаратты жинау бойынша өз шараларын пайдалануы тиіс. Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттеме 3-тармақтың шектеуіне бағынады, бірақ ешқандай жағдайда мұндай шектеу Уағдаласушы Мемлекетке осындай ақпаратқа ішкі қызығушылықтың болмағандығынан ғана, ақпарат беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде түсіндірілмеуі т и і с .

5. Ешқандай жағдайда 3-тармақтың ережелері Уағдаласушы Мемлекетке ақпараттың банкте, басқа қаржы мекемесінде, кандидатта немесе агенттікте немесе сенімді тұлғаның ережесінде әрекет ететін тұлғада болуы себебімен немесе тұлғаның меншігіне қатысты болғандықтан ғана ақпарат беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде түсіндірілмейді. Осындай ақпаратты алу үшін сұратып отырған Уағдаласушы Мемлекеттің салық органы 3-тармаққа немесе өзінің ұлттық заңнамасының кез келген қайшы келетін ережесіне қарамастан, осы тармақпен көзделген ақпараттың ашылуын қамтамасыз етуге өкілеттікке ие болуы тиіс.».

VII БАП

1. Конвенцияға Хаттаманың 2-тармағы мынадай мазмұндағы d) тармақшасымен толықтырылсын:

«d) 10-баптың (Дивидендтер) 3-тармағының а) тармақшасында «қызмет түрі зейнетақылық қамтамасыз ету болып табылатын зейнетақы қоры немесе осыған ұқсас басқа мекеме» деген термин осы Хаттамаға қол қойылған күннен кейін күшіне енетін заңнамаға сәйкес белгіленген басқа да осыған ұқсас мынадай схеманы қамтиды:

(i) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы № 136 Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында жоспарлар мен схемаларын қамтитын.

(ii) Швейцарияның жоспарлары мен схемаларының:

(aa) «тірі қалғандарды зейнетақылық сақтандыру туралы 1946 жылғы 20 желтоқсандағы Федералдық заңын;

(bb) «мүгедектерді сақтандыру туралы 1959 жылғы 19 маусымдағы Федералдық заңын;

(cc) «тірі қалғандарды және мүгедектерді зейнетақымен қамсыздандыру, сақтандыру туралы 2006 жылғы 6 қазандағы Федералдық заңын;

(dd) «жеке кәсіптік зейнетақылық жоспары бойынша тіркелмеген ерікті зейнетақы аударымдарын қоса алғанда, жалдау бойынша және ЖК жұмыстарын қамтитын еңбек өтіліне сәйкес мүгедектерді зейнетақылық қамсыздандыру туралы 1982 жылғы 25 маусымдағы Федералдық заңын, және

(ee) «азаматтардың өз-өзін жұмыспен қамтуы тірі қалғандарды және мүгедектерді зейнетақылық сақтандыру туралы 1982 жылғы 25 маусымдағы Федералдық заңына сәйкес кәсіптік зейнетақылық схемалармен салыстырылады және жалдау бойынша жұмысқа немесе жеке еңбек қызметіне қатысты төленеді.

Бұдан басқа, «зейнетақының зейнетақылық қоры немесе зейнетақылық жоспар зейнетақы қорлары мен схемалары үшін көмекші болып табылатын зейнетақы қорларының, трастар мен бірлестіктердің мүдделерін білдіретін инвестициялық қорларды, трастар мен бірлестіктерді қамтиды.» деген терминді қамтиды.

2. Конвенцияға Хаттама 3-тармақтан кейін мынадай мазмұндағы 4, 5, 6-тармақтармен толықтырылсын:

«4. 18 және 19-баптарға қатысты

«Зейнетақылар» деген термин 18 және 19-баптарда қолданылады деген, тиісінше тек қана мерзімді төлемдерге ғана қолданылады деген емес, сондай-ақ өзіне бір жолғы жәрдемақы төлемдерін де қамтиды дегенді білдіреді.

5. 26-бапқа қатысты:

а) Ақпарат алмасу сұратқан Уағдаласушы Мемлекет ақпарат алуға құқық беретін ұлттық заңнамасына сәйкес өзінің кәдімгі рәсімдерін тауысқан соң ғана жүргізілетін болады.

б) «орындылық» стандарты салық мәселелері бойынша ақпарат алмасу үшін

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің әрқайсысы басқасын дипломатиялық арналар арқылы осы Хаттаманың күшіне енуі үшін Уағдаласушы Мемлекеттердің әрқайсысында қажетті конституционалдық формалдылық аяқталғаны туралы хабардар етеді.

2. Осы Хаттама соңғы хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді және:
а) осы Хаттама күшіне енгеннен кейінгі жылдың қаңтарының бірінші күнінен бастап немесе кейін төленген немесе есептелген сомаға төлем көзінен ұсталған салыққа қ а т ы с т ы ;

б) осы Хаттама күшіне енгеннен кейінгі келесі жылдың кейінгі бірінші қаңтарынан немесе одан кейін басталатын қаржы жылындағы басқа да салықтарға қатысты күшіне е н е д і .

3. осы баптың 2-тармағына қарамастан, Конвенцияның 26-бабына қатысты, осы Хаттамада жазылған ақпарат алмасу кез келген күнтізбелік жылда немесе осы Хаттама күшіне енгеннен кейінгі келесі жылдың бірінші қаңтарынан немесе одан кейін басталатын кез келген кезеңдегі ақпарат үшін қолданылатын болады.

Осыны куәландыру үшін тиісті түрде өздерінің Үкіметтері осыған уәкілеттік берген төменде қол қоюшы өкілдер осы Хаттамаға қол қойды.

Астана қаласында 2010 жылғы 3 қыркүйекте әрқайсысы қазақ, орыс, неміс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіннің бірдей күші бар. Мәтіндер арасында алшақтықтар туындаған жағдайда Уағдаласушы Мемлекеттер ағылшын тіліндегі мәтінді пайдаланады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Кеңесі үшін

Швейцария Федералдық